

ӘОЖ 37.09

**КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН
ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Есқуатова Мунтазбану Аблаевна

muntazbanu1407@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі (француз)»

мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кенжетаева Г.К.

Қазіргі қоғам өзінің іс-әрекетіне өзі басшылық жасап, шұғыл шешім қабылдай алатын тұлғаны қажет етеді. Ондай тұлғаларды оқытудың жаңа технологиялары нәтижесінде қалыптасатынын соңғы жылдардағы тәжірибелер көрсетіп отыр. Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық, түсіністік, сыйластыққа негізделуі оқушының ізденушілігін дамыту – қазіргі оқыту жүйесінің бағыт алатын өзекті мәселелері. Жаңа педагогикалық технологиялар тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастыруды, әр түрлі жағдаяттарда нақты шешімдер қабылдай білуге үйретуді мақсат етеді десек, бұл педагогикалық ұстанымдар – білім беруді жаңартудың негізгі өзегі [1].

Қазіргі даму кезеңдегі басты мәселелердің бірі – мектептегі білім беру жүйесінде оқыту үрдісін технологияландыру. Осыған орай оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жаңа технологияларды іс-жүзіне енгізу өндірістік және әлеуметтік өмірге жаңа мазмұн кіргізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттер қойып, шеше білетін шығармашылық ақыл-ой қабілеті бар адамды қажет етеді. Мемлекеттің дамуына – ақыл-ой және шығармашылық әлеуеттің рөлі орасан зор. Осы орайда көптеген атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала кетсек, сабақтарда тек білім беруді ойластырып қоймай, балалардың жеке бастарының қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын ойластыру керек [2].

Ұстаз үшін ең негізгі мәселе – оқушылардың ойын оқуға сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту жүйесін қолға алу. Себебі, сын тұрғысынан ойлау мұғалімнің

ұйымдастырумен оқушының өз бетінше білімді игеруін қарастырады. Нәтижесінде неғұрлым іргерленген, алға ұмтылған оқушының жеке тұлғасы, өсу динамикасы көрінеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты сынауға емес, шындалған ойлауға үйретуге көз жеткізеді. Оқушылардың білімділік, біліктілік деңгейін көтеру мақсатында сабақ барысында өз беттерімен дайындаған шығармашылық жұмыстар арқылы логикалық ой өрісін, сөз шеберлігін, білімге деген қызығушылығын ояту, дәлеледеу, ой тұжырымдау, салыстыру, негізгі мазмұнды ажырата білу тапсырмаларын түрлендіре отырып сыни ойлауларын шыңдауға бағыттайды [3].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясына септігін тигізген ғалымдарды айтып кететін болсақ: Д. Дьюи, Д.Шон, Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл, Ж.Пиаже, .С.Выготский. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары АҚШ-та және бірқатар шет елдерде аудио-лингвалдық әдіс кеңінен тарай бастады. Бұл әдістің негізін қалаушылар Ч.Фриз және Р.Ладо болды. Бұл әдіс алғашында үлкен адамдарды шет тіліне үйрету мақсатында ойластырылған болатын. Бірақ бұл әдістің тұжырымдары мектептегі оқыту әдістемесіне де әсерін тигізді. Оқудың бұл түрінің негізгі мақсаты ретінде оның негізін қалаушылар үйреніп жатқан тілді жан-жақты меңгеру немесе тілдік іс-әрекеттің, тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін меңгеру деп қарастырды [4].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – бұл оқушы мен оқытушының ынтымақтастығы, олардың кез-келген материалға жүйелі аналитикалық көзқарасы. Бұл технология материалды есте сақтау үшін емес, проблема тудырып, оның шешімін іздеуге арналған. Яғни, оқыту барысында сыни ойлау технологиясын қолданса, оқушылардың сұрақтар қою, әртүрлі дәлелдер іздеу, тәуелсіз негізделген шешімдер қабылдау, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Қазіргі таңда оқыту түрлері қатты өзгерді. Оқушылар мұғалімдерді тыңдай отырып, бейтарап отырмайды, сабақтың басты тұлғалары болады, олар бір-бірімен ой бөліседі, сұрақ қояды, оқиды, жазады, талқылайды. Оқыту нәтижесі оқушылардың өзіне тән мінез-құлық ерекшеліктері қалыптасады, өмірге бейімділігі, шығармашылық қабілеті дамиды.

Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты – оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігін дәлелдеу болып табылады.

Осы мақсатта Нұр-Сұлтан қаласындағы №3 гимназия мектебінің 8 «Ә» сыныбында өндірістік тәжірибеден өту барысында француз тілі сабағында эксперимент өткіздік.

Эксперимент барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстық. Мысалы, оқушылар «Венн диаграммасы» әдісін пайдалану кезінде Виктор Гюго мен Оноре де Бальзак француз жазушыларының еңбектерінің идеясын салыстырып ортақ және ерекшеліктерін анықтап, белгілеп бере алды. Өтілген тақырып бойынша білімін өзектендірді. Топ ішінде өз ойларын айтып, сыни тұрғыда талдай алуға үйренді.

«Ассоциация» әдісін пайдаланғанда сызбаны «Париж» тақырыбына көрнекілікпен көрсете отырып білімдерін ұсынды. Берілген тапсырма бойынша өзара түйіндеме жасай білді. «БҮҮ» (Білемін, үйренгім келеді, үйрендім) сызба әдісі бойынша жұмыс жасағанда бұрынғы білімін жаңа біліммен ұштастыра алды. Мәтінді өз бетінше түсіну процесін басқара алды. Мәтіндегі проблемаларға сұрақ қоя білді. Жауабын белгілеп, өзара тұжырым жасады. Мысалы, 8-сыныпта француз тілінен жаңа сабақ бастамас бұрын әр топқа үй ішіндегі жиһаздардың аттарын жазуды тапсырдық. Әр топ осы тапсырмаға сыни ойлай отырып, жиі қолданылатын жиһаздардың аттарын жазып, әр топтан 1 оқушы шығып түсіндіріп өтті.

«Галереяға саяхат» әдісін қолдану кезінде берілген ақпарат бойынша өз елестетуін таныстыра білді. Өзгелердің пікірін тыңдады. Бір-біріне сұрақ қойып, ақпаратты тұжырымдады. Өзара талқылап, ақпарат жайлы түсінігін кеңейтті. Алған әсерін кескінге жазып, сынып қабырғасына ілді. Сыныптастары оны аралап оқып шығып, пікірін жазып кетті. Содан кейін топ болып қабырға газетіне жазылған пікірлерді талқылап, қорытынды жасады.

Оқушылар тақырыптар бойынша өз өмірлеріне тікелей қатысы бар нақты проблемаларды айқындай білді. Оқушылар өздігінен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, талқыға салды, пікір алмасты, ой жарыстырды. Соңында әр оқушы өздерінің ойларын қорытындылап, рефлексия жазды.

Сын тұрғысынан ойлау дағдысын әрі қарай жетілдіру үшін кластер әдісін пайдалануға болады. Осы әдісті пайдалану арқылы жаңа тақырыпты толық меңгеріп шығуға болады. Жұмыс жұптық болғандықтан әрбір жұптағы оқушылар бір-біріне көмектесіп, бірі-бірін жетелеп отырады. Сын тұрғыдан ойлау мән мәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қалыптастырады [5].

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудағы тағы бір тиімді стратегиясы «жоғары және төменгі деңгейдегі» сұрақтардың қойылуы, сабақ үрдісінде оқушылардың өздері сұрақтар дайындап, бір-біріне қояды, яғни сұрақ қою барысында ойлауды дамытуға, себебін ашуға мүмкіндік туындайды. Сонымен, сын тұрғысынан ойлау оқушылардың білім алуда қандай нәтижеге алып келеді деген сұраққа былай жауап беруін болжайды: Француз тілі пәндерінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегияларының оқушылардың танымдық белсенділігін арттырды, өз бетінше білім алуына, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Балалар сабақтардың қызықты, жеңіл өтетіндігін, топта бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын сезінеді.

Сабақ барысында ойын элементтерін де қолдануға болады, мысалы «Аукцион» ойыны бөлімді қорытындылағанда өте тиімді. Интерактивті тақтаға сандар тізімін шығарып, әр санның өзінің тапсырмалары жасырылады, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін білікті біліммен қомақты табыс таба алатындары түсіндіріледі, яғни әр сан белгілі бір валютамен белгіленеді, неғұрлым сан жоғары болса тапсырма да күрделене түседі. Бұндай әдіс арқылы сыныптағы дарынды балаларды анықтауға болады.

Сыныпты топқа бөлу кезеңінде оқушыларға механикалық есте сақтау, яғни үнемі қайталап отыру дағдысын дамытуды ескерген жөн. Мысалы, 8-сыныптағы сабақтарда топқа бөлудің «Кім боламын?» стратегиясы бойынша өткізген кезде оқушылар «Мұғалім» «Әнші» «Емші» тобына бөліну үшін әр топты сипаттайтын сөздерді, объектілерді анықтаулары қажет. Бұл стратегия сонымен бірге тіл номенклатура бойынша білімдерін анықтайды.

Сол сияқты, тарауды, немесе бөлімді аяқтағанда қолдануға тиімді «Жәрменке» әдісін қолдандық. Бұл әдіс бөлім бойынша оқушы білімін танымдық, шығармашылық қабілеттерін саралап көрсетеді. Әр оқушы осы бөлімде қызықты да тартымды логикалық тапсырмалар құрастырып, өз жұмысын жәрменкеге әкеліп жарнамалайды, сатуға тырысады, алған оқушы тапсырмаларын орындап баға береді. Француз тілі сабақтарында педагогикалық технологиялардың түрлеріне тоқталатын болсақ белсенді қолданатындардың бірі жобалау, пікірлесу, мәселелік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту және т.б.

Осы технологияларды қолдана отырып оқытуда оқушылардан біраз өзгерістерді байқадық. Жоғарыда айтылғандай, 8«Ә» сыныбында эксперимент өткізу барысында оқушыларды екі топқа бөліп «эксперименттік топ» және «бақылау тобы» ретінде алып, жоғарыда аталып өткен жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып сабақ жүргіздік.

Педагогикалық практика уақытының аяқталуы кезінде мектепте 3-тоқсан қорытындылары шыққан болатын. Қорытынды бойынша «1-кестеде» көрсетілгендей топтар арасында жасалған эксперимент нәтижесінде эксперименттік топ оқушыларының француз тілі пәнінен тоқсандық оқу үлгерімі едәуір жоғарылағанын байқаймыз: оқушылардың үлгерімі 11%-ға жоғарылаған, ал «Бақылау тобы» оқушыларының оқу үлгерімі 6%-ға артқан болатын.

Екі топтың нәтижелерін салыстыра келе, жаңа әдістемелік технологиялардың тиімділігін байқауға болады. Алдағы уақытта аталған әдіс-тәсілдерді және тағы да басқа әдіс түрлерін сабақтарымызда қолданатын боламыз.

Эксперименттік топ – 8«Ә» сыныбы		Бақылау тобы – 8«Ә» сыныбы	
Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
72%	83%	70%	76%

Жоғарыда айтып кеткендей, қолданған технологиялардың арқасында оқушылардың әртүрлі дәлелдер жасау, тәуелсіз негізделген шешімдер қабылдау қабілетінің жақсарғанын, коммуникативтік дағдыларының артқанын байқауға болады. Сын тұрғысынан ойлау тәсілдерін сабақта тиімді қолданысқа енгізсе, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Джон Дью былай дейді: «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл қарапайым ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау» [6].

Француз тілі сабағында «сын тұрғысынан ойлау» технологиясын тәжірибеде қолдану барысында мынадай қорытындыға келдік:

1) Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды;

2) Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлерімен бөлісуге үйренеді, топпен ұмыс істеуге мүмкіндік береді;

3) Жұмыс барысында алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді.

Сонымен, француз тілінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы негізінде өткізілген сабақтар оқушының танымдық белсенділігін дамытуға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық, бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады, коммуникативтік дағдылары дамиды.

Сын тұрғысынан ойлау – ойлау мен пікірлесуді дамытады. Оқушыны мұғаліммен, достарымен, құрбыларымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын стратегия.

Қорыта келгенде, сын тұрғысынан ойлау – терең ойлау. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғы білімнен ажырата алуға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Мұғалім жалғыз білім трансляторы (таратушысы) емес деген қағиданы басшылыққа алуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 01.2017 ж.
2. Кішібаева Д.Ж. «Жаңа педогогикалық технологиялар» Оқу құралы. Түрікстан қ. 2010 ж. 113 бет.
3. Жакиенова О.А. Сын тұрғыдан ойлауға үйрету туралы рефлексивтік есеп. Павлодар, 2017.
4. Методическая разработка по английскому языку для развития навыков.
5. Уалиева Г.М. «Оқушылардың бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы сини ойлау дағдыларын дамыту». Ғылыми-әдістемелік әзірleme
6. Lado R. Patterns of Difficulty in Vocabulary// Teaching English as a Second Language. - New York, 1965